**Автор**: Досбаева Оразкүл Нұрланбекқызы
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Дені саудың - жаны сау
**Тақырып**: Жұрнақ пен жалғау

---

| | |
|---|---|
| Сабақтың мақсаты: | Жұрнақ пен жалғауды ажырата білуге дағдыландыру. Жаттығуларды толық меңгерту. Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. |
| Күтілетін нәтиже: | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:**<br>Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:**<br>Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:**<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийлері: | -жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>-жұрнақ пен жалғауды ажыратады. |
| Бастапқы білім: | Түбір мен қосымша |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Тілдік мақсат | Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Топтарға бөлу. «**Дені саудың-жаны сау»**<br>1-топ: Ауа. 2-топ: Күн.<br>3-топ: Су 4-топ: Жер<br>Әр топ өз атауын қорғайды. (Ағылшынша атаулары)<br>Ауа – air – воздух Күн – sun – солнце<br>Су – water – вода Жер – land – земля<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз,<br>Құрметпенен сіздерге,<br>Бас иеміз біз.<br>**2. Үй тапсырмасы.**<br>**Конверттегі сұрақ** (әр топқа сұрақтар беріледі)<br>- Түбір сөз дегеніміз не? - Омоним сөздер дегеніміз не?<br>- Қосымша дегеніміз не? - Синоним сөздер дегеніміз не?<br>- Жұрнақ дегеніміз не? - Антоним сөздер дегеніміз не?<br>- Жалғау дегеніміз не? - Сөз дегеніміз не?<br>Мысалдар келтіру. | Топқа бөлінеді. |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Жаңа білім | **Білу және түсіну**<br>**Ауа, күн, су, жер** сөздеріне қосымшалар жалғау.<br>Ауа-сыз, күн-шіл, су-лық, жер-шіл т.с.с.<br>Оқулықпен жұмыс.<br>77-жаттығу. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айт.<br>- Ауа, су, күнді «Сиқырлы» деп атауға бола ма? Неге? Түйінді сөз: Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығы үшін маңызы зор.<br>Адам спортпен шұғылданып, суға шомылып, күнге қыздырынып, пайдалы тағамдарды қолданып жүрсе денсаулығы мықты болады.<br><br>78-жаттығу. Өлеңді қатесіз жазып, қарамен берілген сөздердегі жұрнақ пен жалғауды тиісті белгімен белгілеу. Байлық (1-топ), бабаң (2-топ), жолын (3-топ), шахтан (4-топ).<br>**Дескриптор:** 1. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айтады.<br>2. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқулықпен жұмыс. |
| Сабақтың ортасы | Қолдану Ойын «Артығын тап».<br>1-топ: 2-топ: 3-топ: 4-топ.<br>Асхана Балықшы Достар Дәрігер<br>Аспаз Балықпен Достық Дәріні<br>Астың Балықтар Досым Дәрінің<br>Астық Балықтың Досыңыз Дәріден | Оқулық, плакат, түрлі-түсті маркерлер. |
| Сергіту сәті | Сергіту сәті "Ұзын құлақ, сұр қоян" | Қимылмен көрсету. |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Топтық жұмыс. Постер қорғау.**<br>**1-топ:** бір түбірден шыққан бірнеше сөз ойлап жазу.<br>Оқу <            Егін<           Ойын<<br><br>**2-топ:**  сызба бойынша сөздер құрастырып жазу.<br>Image not found or type unknown<br><br><br>**3-топ:** артық сөзді тауып,сол сөздермен сөйлем құрастыру.<br>**а)** Өнер, өнерпаз, әнші, өнерлі.<br>**ә)** Еңбекте, еңбекші, еңбекқор, орман.<br>**б)** Білім, оқушы, білімді, білгіш.<br><br>**4-топ:** Венн диаграммасы.<br>Image not found or type unknown<br><br>Мысал келтіру.<br><br>80-жаттығу. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз.<br>**Ішіне – сыртына.** Ішіне жұрнақты сөздерді, сыртына жалғаулы сөздерді жазу.<br>Іс, орын, талап, көл, қобыз.<br>Керекті жұрнақтар: -шік, -шы, -кер, -дық, -ты.<br>**Дескриптор:**<br>**1.** Топтық жұмысты орындайды.<br>**2.** Жұрнақ пен жалғауды ажыратып жазады. | Постер қорғау. |
| Сабақтың соңы | **Тест. Әр топқа:**<br>- Жалғауы бар сөзді көрсет.<br>- Жұрнағы бар сөзді көрсет.<br>- Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны көрсет.<br>- Түбірдің мағынасын өзгертетін қосымшаны көрсет.<br><br>**Дескриптор:** Жұрнақты және жалғаулы сөздерді, түбір мен қосымшаны ажыратады. | |

| **Сабаққкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Кері байланыс | - Мен бүгін не білдім/ үйрендім?<br>- Сабақта мен өзімді қалай сезіндім?<br>- Мен үшін не ең қызық болды?<br>- Мен кешегі күнмен салыстырғанда өстім бе? | |
| Бағалау .Рефлексия-лық шеңбер | Жақсы жауап бергендерге – Қызыл гүл. Орташа – Сары гүл Төмен – Жасыл гүл. | Бағалау парақшасы |
| Үйге тапсырма | 33 бет, 79-жаттығу, ереже. | |